

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы елшіліктердің қызметіне байланысты мәселелерді өзара реттеу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 қараша N 1763

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 28 мамырда Ташкент қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы елшіліктердің қызметіне байланысты мәселелерді өзара реттеу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының
Үкіметі арасындағы елшіліктердің қызметіне байланысты мәселелерді
өзара реттеу туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормалары мен принциптерін басшылыққа ала отырып,

құрмет тұту, теңдік және өзара тиімділік рухында екі жақты достық ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасының Ташкент қаласындағы елшілігінің және Өзбекстан Республикасының Алматы қаласындағы елшілігінің қызметіне байланысты мәселелерді реттеуге өзара ұмтыла отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Өзбекстан Республикасының Үкіметі Ташкент қаласындағы Қазақстан Республикасы елшілігінің пайдалануына Чехов көшесі, 23 мекен-жай бойынша орналасқан, жалпы алаңы 1560 шаршы метр, жер учаскесі 3137 шаршы метр ғимаратты береді.

Елшілік ғимаратының, жер учаскесі мен оның шекараларының дәлме-дәл орналасқан орны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жоспар-үлгіде (1-қосымша) белгіленген.

2-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі Алматы қаласындағы Өзбекстан Республикасы елшілігінің пайдалануына Бөрібаев көшесі 36-38 мекен-жай бойынша орналасқан жалпы алаңы 1570 шаршы метр, жер учаскесі 4036 шаршы метр ғимаратты береді.

Елшілік ғимаратының, жер учаскесі мен оның шекараларының дәлме-дәл орналасқан орны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жоспар-үлгіде (2-қосымша) белгіленген.

3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген жылжымайтын мүлікті беруге байланысты салықтардың барлық түрлерінің және жалдау ақысынан өзбек тарабын босатады.

Өзбек тарабы осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген жылжымайтын мүлікті пайдаланғаны үшін 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы Келісімнің негізінде қазақстандық тараптың заңдарына сәйкес ресімделіп, осы мүлікті жалға алу шартын жасасқан күнге дейінгі кезең ішінде салықтар бойынша борыштарын және жалға алу ақысын төлеуден босатылады.

4-бап

Өзбекстан Республикасының Үкіметі осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жылжымайтын мүлікті беруге байланысты салықтардың барлық түрлерінен және жалдау ақысынан қазақстандық тарапты босатады.

Қазақстандық тарап - осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жылжымайтын мүлікті пайдаланғаны үшін 1998 жылдың 9 желтоқсанынан бастап осы Келісімнің негізінде өзбек тарабының заңдарына сәйкес ресімделіп, осы мүлікті жалға алу шартын жасасқан күнге дейінгі кезең ішінде салықтар бойынша борыштарын және жалға алу ақысын

төлеуден босатылады.

5-бап

Тараптар осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көзделген жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығын екінші Тарапқа беруді ресми ресімдеуді өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес келтіруді жүргізеді және тиісті құжаттар береді.

Тараптар өздерінің пайдалануларына берілген жылжымайтын мүлікті осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген мақсаттарға ғана пайдаланады.

6-бап

Елшіліктердің қызметкерлері үшін тұрғын пәтерлер беру Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Өзбекстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арасындағы шарттар бойынша және осы мемлекеттер елшіліктерінің өзара сыйластығы негізінде жүзеге асырылады.

7-бап

Осы Келісімді орындау барысында туындауы мүмкін барлық дауларды Тараптар келіссөздер арқылы шешетін болады.

8-бап

Осы Келісім бұзылған жағдайда Келісімнің 1-бабында көрсетілген жылжымайтын мүлік 5 жыл мерзімге жалдау ақысы мен салықтар алынбастан қазақстандық тарап атында сақталады. Бұл кезең 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1998 жылғы 9 желтоқсанда Ташкент қаласындағы ғимаратты Қазақстан Республикасының елшілігіне берген кезге дейін Өзбекстан Республикасы елшілігінің Алматы қаласында болуы есепке алынып белгіленеді.

9-бап

Осы Келісім Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді

Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар бойынша алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі өзінің осы Келісім қолданысын тоқтату

ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлаған күннен бастап 6 ай өткенге дейін күшінде болады.

Әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде 1999 жылдың 28 мамырында Ташкент қаласында жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаты үшін негіз ретінде орыс тіліндегі мәтін алынады.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.